

Х А Т Т А М А С Ы №1

«25» 01 2023 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылға арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
2. МДҰ-да «ECERS – 3 шкаласын қолдану арқылы мектепке дейінгі ұйымның пәндік-кеңістік ортасын трансформациялау» тақырыбында эксперименттік алаңның жұмыс жоспарымен танысу.
3. Өткен жылды қортындылау, бағалау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы сөз алып, алдағы жылдың жұмыс жоспарымен бөлісіп, талқылады. Түскен демеушілік ақшаға алынатын заттар, құралдар айтылды. Сенбілік, мейрам күндерін өткізу талқыланды және жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д. Ж. Жаулыбаева сөз алып, балабақшамызда МДҰ-да «ECERS – 3 шкаласын қолдану арқылы мектепке дейінгі ұйымның пәндік-кеңістік ортасын трансформациялау» тақырыбында эксперименттік алаңның жұмысын бастадық, осы эксперименттік алаң үшін мемлекеттен 40 000 000 теңге қаражат бөлінді. Осы қаржыға балабақшаны, топтарды, бөлмелерді жабдықтаймыз-деп, эксперименттік алаңның жұмыс жоспарымен таныстырды, алдағы жасалатын жұмыстар да талқыланды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып, өткен жылда жасалған жұмыстарды атап өтті. Өткен жылда атқарылған жұмыстарды қортындылап, өте жақсы деп бағаланды. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне алдағы уақытқа сәттілік тіледі.

Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылға арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Эксперименттік алаң үшін бөлінген қаражат қажеттілігіне қарай бөлінуі назарға алынсын.
3. Өткен жылда атқарылған жұмыстар «өте жақсы» деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Кузеев Ж.Р.

Хатшы:



Узақбаева С.Б.

Х А Т Т А М А С Ы №2

« 30 » 05 2023 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. МДҰ ауласын абаттандыру. Топтардаы пәндік-кеңістік ортасын жабдықтау жұмыстары.
2. Тәрбиеленушілерді құнарлы тамақтандыру мәселелері.
3. Мемлекеттік және демеушілік түсімдер, олардың қажеттілігіне қарай бөлінуі.

Тыңдалды:


Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д. Ж. Жаулыбаева сөз алып, МДҰ ауласын абаттандыру, топтардаы пәндік-кеңістік ортасын жабдықтау жұмыстары туралы айтып өтті. Ата-аналардың қатысуымен, көмектесуімен ойын алаңдарының барлығы сырланды, тазартылды, құммен толтырылды. Барлық тәрбиешілер өз топтарындағы пәндік-кеңістік орталарын жабдықтап, топтарына жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жаңа оқу жылына барлық топ жабдықталып, жөнделіп болады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеленушілерді құнарлы тамақтандыру мәселелері туралы балабақша меңгерушісі айтып өтті. Сәуір айынан бастап әр баланың бір күндік тамағының ақысы 800 теңгеге өсуіне байланысты ас мәзіріне дәруменді таңғы ас қосылды, яғни жемістер берілетін болды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы сөз алып, мемлекеттік және демеушілік түсімдер, олардың қажеттілігіне қарай бөлінуі туралы айтып өтті. Дене шынықтыру, робототехника, гимнастика бөлмелері жабдықталды, алда тағыда жұмсалған қаржы туралы есеп берілетін болады-деді.

Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі:

1. Пәндік-кеңістік ортасын жабдықтау жұмыстары жаңа оқу жылына дейін толық аяқталуы тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Тәрбиеленушілерді құнарлы тамақтандыру мәселелері қадағаланып отырылсын.
3. Мемлекеттік және демеушілік түсімдердің қажеттілігіне қарай бөлінуі назарға алынсын..

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Кузеев Ж.Р.

Хатшы:



Узақбаева С.Б.

Х А Т Т А М А С Ы №3

« 08 » 06 2023 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. МДҰ тәрбиеленушілерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау және алдын алу.
2. МДҰ-да оқу жылы ішінде өткізілетін қосымша ақылы қызметтердің ұйымдастырылуы.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» жұмыстарының ұйымдастырылуы.

Тыңдалды:


Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып, МДҰ тәрбиеленушілерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау және алдын алу мақсатында барлық жағдайлар қарастырылған, әр тәрбиеленушінің өмірі мен денсаулығына тікелей жанында тұрған адам жауапты екенін айтып кетті. Тәрбиеші таңертең балабақшаға келген бойда барлық заттардың қауіпсіз екенін қарап, ойын алаңын тазалап шығады. Балабақшада тәрбиеші балаларды қараусыз қалдырмауы тиіс. Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алып, жаңа оқу жылында бұрынғы жүргізіліп жүрген ақылы қосымша қызметтердің сол күйі қалатынын және қосымша робототехника, логопедтің қызметі, Дені сау бала ақылы қызметтерін қосқалы отырғанын айтып өтті. Бұл қосымша ақылы қызметтердің бағдарламасы қыркүйек айында бекітіп, ұсынатынын айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы сөз алып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы айтып өтті. Ешқандай телефон соғу, хат арқылы ұсыныс, шағым болған жоқ.

Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі:

1. МДҰ тәрбиеленушілерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау барлық қызметкерлерге жүктелсін.
2. Қосымша ақылы үйірмелер бағасы бір айға 2000 теңге болып бекітілсін, ата-аналармен келісім шарт жасалынсын.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» жұмыстарының

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Кузеев Ж.Р.

Хатшы:  Узакбаева С.Б.

№49 «Думан» бөбекжай-балабашасының жоспардан тыс қамқоршылық кеңесінің

## Х А Т Т А М А С Ы №4

« 12 » 06 2023 жыл

Қатысқаны: 9 адам

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. №49 «Думан» бөбекжай-балабақшасындағы қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің өтініштерін талқылау.

#### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ж.Р.Кузеев сөз алып, мен осы №49 «Думан» бөбекжай-балабақшасындағы қамқоршылық кеңесінің төрағалық міндетін бірнеше жылдан атқарып келемін, балабақша әкімшілігімен балалар үшін жақсы жұмыстар атқардық. Мен өзімнің қамқоршылық кеңесінің төрағалық міндетімнен өз еркіммен жеке жағдайларыма байланысты шығамын. Сіздермен бірге болғаным үшін Алғыс білдіремін. Балабақша ұжымы, әкімшілігі балалар үшін қолдарынан келгенінше жағдайларын жасап жатыр, алдағы оқу жылына сәттілік тілеймін. Сонымен қатар қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің өтініштерін де тыңдалдық.

#### Сөз сөйледі:

Қарағойшина Б.У. Менде денсаулығымға байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін рахмет.  
Пұсырманова С.С. Мен өз еркіммен жеке жағдайларыма байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін рахмет.  
Тұрманова Р.Г. Менде өзімнің отбасы жағдайыма байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін Алғыс білдіремін.  
Абдилдина Р.А. Мен басқа қалаға қоныс аударуыма байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін рахмет.  
Бисенбекова Б.К. Мен қызмет жағдайыма байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін рахмет.  
Махмутов Т.У. Мен қоныс аударуыма байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін рахмет.  
Мухамбеткалиев С.Ж. Мен өз еркіммен жеке жағдайларыма байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін рахмет.  
Бухарбаев Қ. Менде өзімнің қызмет жағдайыма байланысты қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамынан шығамын, сіздермен бірге болғаным үшін Алғыс білдіремін.

#### Қамқоршылық кеңес отырысының шешімі:

1. №49 «Думан» бөбекжай-балабақшасында қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің өтініштері талқыланып, қалалық білім бөліміне жолдансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Кузеев Ж.Р.

Хатшы:



Узақбаева С.Б.